

## 2009 жылғы шақыру учаскесіне 1992 жылғы туған еркек жынысты азаматтардың тіркеуін ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Қостанай облысы Қарасу ауданының әкімінің 2009 жылғы 19 қаңтардағы № 2 шешімі. Қостанай облысы Қарасу ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 16 ақпанда № 9-13-75 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына, "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 17-бабына сәйкес Қарасу ауданының әкімі **ШЕШТІ**:

1. 2009 жылдың қаңтарынан бастап наурызына дейін "Қостанай облысы Қарасу ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесіне аудан аумағындағы 1992 жылғы туған еркек жынысты азаматтардың тіркеуін ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Қарасу және Октябрь ауылдарында шақыру пункттері ұйымдастырылсын.

3. "Қарасу орталық аудандық ауруханасы" (келісім бойынша), "Қостанай облысы әкімдігі Қостанай облысы Денсаулық сақтау департаментінің Октябрь ауылдық учаскелік ауруханасы" (келісім бойынша) мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындарының бас дәрігерлері "Қостанай облысы Қарасу ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесімен бірлесіп тіркеу жөніндегі іс-шараларды қамтамасыз етуін ұсыныс етілсін.

4. Ауылдар мен ауылдық округтердің әкімдері:

- 1) тіркеуді өту үшін комиссияға азаматтардың келуін қамтамасыз етсін;
- 2) азаматтарды шақыру учаскесіне жеткізу үшін ілесіп жүретін адамдарды берсін, тасымалдаған кезде жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін шаралар қолдансын.

5. "Қарасу ауданы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі шақыру учаскелеріне азаматтардың тіркеуімен байланысты іс-шараларды қаржыландыруы "Қостанай облысы Қарасу ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шығыстар сметасында қарастырылған қаржы бөлу есебінен жүзеге асырсын.

6. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Қ. Бекеновке жүктелсін.

7. Осы шешім оны алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

ауданының әкімі

Қ. Ахметов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК